2.14 Нақты өңір үшін ҚҚІК өңірдің климаттық факторларын ескере отырып, атап айтқанда, ең суық бес күндік ауа температурасы туралы мәліметтерге сүйене отырып, есептеледі. ҚҚІК құрылыс жоспарланған өңір үшін қабылданады.

2.15 ҚҚІК арнайы негіздер мен іргетастардың құрылғысы, қуатты сутөкпені қолдану қажеттілігі және басқа да осындай жағдайлар сияқты құрылыстың ауыр гидрологиялық жағдайларына байланысты оқиғаларды болдырмайтын жағдайлар үшін әзірленген. Мұндай жағдайларда жұмыстар мен шығындардың жеке түрлеріне арналған жергілікті сметалық есептер жасалады, олар есептік құнды айқындау кезінде қосымша ескеріледі.

2.16 ҚҚІК құрылыс салуға бөлінген жер учаскесі шегінде орналасқан инфрақұрылымның қосалқы объектілерінің құнын есепке алмай, жеке тұрған ғимарат (құрылыс) үшін әзірленді.

2.17 Құрылыс материалы ретінде жергілікті құрылыс материалы әктас-ұлутастан жасалған қабырға тасы көзделген өкіл жобалардан есептелген ҚҚІК тек Маңғыстау және Атырау облыстарына арналған ҚҚІК жинағында ғана ұсынылған. Басқа өңірлер үшін мұндай объектілерге ҚҚІК ұсынылмаған.

### 3. Қолдану тәртібі

3.1 ҚҚІК қолдана отырып, құрылысы жоспарланған объектінің құнын есептеу мынадай ретпен орындалады:

- 1) құрылысы жоспарланатын объект бойынша бастапқы деректерді жинау;
- 2) соның негізінде ҚҚІК әзірленген өкіл объектінің сипаттамаларын талдау;
- 3) объект қуатының белгіленген өлшем бірлігіне немесе жалпы объектіге ғимарат (құрылыс) салу құнының тиісті көрсеткішін таңдау. Өлшеуішті таңдау осы құжаттың 3.4-тармағына сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда үй (ғимарат) құрылысы құнының көрсеткішін есептеу интерполяция әдісімен жүргізіледі;

- 4) үй (ғимарат) құрылысы құнының көрсеткішіне енгізілген шығындар түрлерін талдау, ҚҚІК-де көзделмеген шығындардың қосымша түрлерін айқындау, қажетті түзету коэффициенттерін таңдау;

- 5) құрылысы жоспарланатын объектінің есептік құнын анықтау.

3.2 Құрылысы жоспарланатын объекті бойынша бастапқы деректерді жинау кезінде:

- 1) құрылыс өңірі, құрылыс өңірінің климаттық, геологиялық жағдайлары, оның ішінде ауданның сейсмикалық деректері;

2) объектінің функционалдық мақсаты, объектінің қуаты (жалпы ауданы, орын саны және т. б.);

3) өұрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізуді қиындататын жағдайлар анықталады.

3.3 Оның негізінде ҚҚІК әзірленген өкіл объектінің сипаттамаларын талдау «Өкіл объектілер» жинағында келтірілген деректерді және жобаланатын объект бойынша деректерді салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Үй (ғимарат) ҚҚІК-ін таңдау ҚҚІК жинағының тиісті Бөлімі бойынша құрылысы жоспарланатын объектінің, сондай-ақ құрылыс белгіленетін өңірдің функционалдық мақсаты мен қуатын ескере отырып жүзеге асырылады.

3.4 ҚҚІК қолдану ҚҚІК өлшеуіштерінің түрлерімен шарттасқан.

3.4.1 Егер ҚҚІК өлшеуіші объектінің ауданына ( $m^2$ ) екінші өлшеуішсіз объекті қуатының өлшем бірлігі болып табылса, объектінің қуаты бірдей болған, ал алаңдардағы айырмашылық 10%-дан кем болған жағдайларда ҚҚІК қолданылуы мүмкін. Аудан өлшеміндегі айырмашылық 10%-дан астам болған кезде есептік құн ұқсас жобаларды қолдану жолымен айқындалады.

3.4.2 Егер ҚҚІК өлшеуіші объект қуатының өлшем бірлігіне өлшеуішсіз объектінің ауданы ( $m^2$ ) болып табылса, ҚҚІК қолдану ол үшін ҚҚІК есептелген ауданмен (мысалы, «Ауданы 100  $m^2$  дейінгі материалдық-техникалық қойма») лимиттеледі.

3.4.3 Екі өлшеуішке, атап айтқанда: объект қуатының белгіленген өлшем бірлігіне және объект ауданына ( $m^2$ ) есептелген ҚҚІК үшін құрылыстың есептік құны екі көрсеткіш – объектінің қуаты мен ауданы бойынша есептеледі және объект құрылысының ең жоғары есептік құны бойынша лимиттеледі.

3.5 ҚҚІК-ге енгізілген шығындар түрлерін талдау «Объект бойынша шығындарды конструктивті-технологиялық топтастыру» кестесінде келтірілген шығындар құрылымын және жобаланатын объектінің жоспарланған шығындарын салыстыру арқылы жүргізіледі. ҚҚІК құрамында жекелеген шығындар болмаған кезде (мысалы, қолжетімділікті басқару жүйесі, процестерді автоматтандыру және т.б.) мұндай шығындар ұқсас жобалар бойынша қосымша ескерілуі мүмкін.

3.5.1 Егер жоспарланған объект бойынша объектіні алғашқы жарақтандыруға арналған жабдықтың, жиһаздың және мүкәммалдың құны туралы нақты ақпарат болса, онда шығындардың құрылымына сәйкес жабдықтың, жиһаздың және мүкәммалдың тиісті ҚҚІК-іне түзету жүргізілуі мүмкін.

Бұл жағдайда ҚҚІК жинағының 2-бөлігінде ұсынылған нормативтік ҚҚІК-ден объектіні бастапқы жарақтандыруға арналған жабдыққа, жиһазға және мүкәммалға келетін шығындар алып тасталады және нақты деректер бойынша есептелген белгіленген жабдыққа, жиһазға, мүкәммалға арналған шығындар енгізіледі.

3.6 Құрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізуді қиындататын жағдайлар болған кезде түзету коэффициенттері қолданылады. Қалалардың құрылыс салынған бөлігінің қысылтаяң жағдайларда салынуын ескеретін коэффициенттер техникалық бөліктерде келтірілген.

3.6.1 Сейсмикалық белсенділігі 6 балдан жоғары аудандарда объектінің құрылысын жоспарлау кезінде ҚҚІК-ге 1-кестеде келтірілген түзету коэффициенттері қолданылады. Коэффициенттер Жинақтың 1-бөлігінің ҚҚІК-іне немесе Жинақтың 2-бөлігін пайдаланған кезде объекті өлшеуішінің ҚҚІК-іне қолданылады.

**1-кесте – Сейсмикалық аудандар үшін түзету коэффициенттері**

<b>Үйлердің (ғимараттардың) түрі</b>	<b>Баллдардағы сейсмикалық, түзету коэффициенттері</b>		
	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>
Өндірістік емес мақсаттағы ғимараттар (тұрғын үйлер, білім беру объектілері, денсаулық сақтау объектілері, спорт объектілері, әкімшілік ғимараттар, қосалқы мақсаттағы объектілер және т. б.)	1,03	1,05	1,08

Қазақстан Республикасының аумағын сейсмикалық аудандастыру қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданады.

3.7 Таңдалған ҚҚІК негізінде объект құрылысының есептік құны анықталады. Құрылыс құнын есебі 1-нысан бойынша жасалады.

1 нысан

Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_  
(ұйымның атауы)

**Құрылыс құнының есебі**

\_\_\_\_\_  
(құрылыстың атауы)

20\_\_ жылғы бағаларда жасалды.

Реттік нөмірі	Норматив шифры, есеп нөмірі, өзге де құжаттар	Объектінің, жұмыстардың, шығындардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, мың теңге	
					бірлік	барлығы
1	2	3	4	5	6	7

Ұйым басшысы \_\_\_\_\_  
қолы (аты-жөні, тегі), ұйымның мөрі (бар болса)

Өзірлеген \_\_\_\_\_  
лауазымы, қолы (аты-жөні, тегі)

Тексерген \_\_\_\_\_  
лауазымы, қолы (аты-жөні, тегі)

1 бөлім

**1 бөлік Өндірістік емес мақсаттағы объектілер****1-бөлім Тұрғын ғимараттар***1 - кесте Құндық көрсеткіштер*

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
<b>1-кіші бөлім Аз қабатты (1-2 қабат) тұрғын ғимараттар</b>			
<b>1-топ Бір пәтерлі және блокталған 1-2 қабатты тұрғын ғимараттар</b>			
9101-0101-01	Керамикалық кірпіштен салынған 1 қабатты тұрғын үй	үйдің жалпы ауданының 1 м2	264,920
9101-0101-02	Силикат кірпішпен қаптаумен газбетон блоктарынан салынған 1 қабатты тұрғын үй	үйдің жалпы ауданының 1 м2	291,887
<b>2-топ Көп пәтерлі екі қабатты тұрғын ғимараттар</b>			
9101-0102-01	Керамикалық кірпіштен салынған 2 қабатты көп пәтерлі тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	275,132
<b>2-кіші бөлім Орташа қабатты (3-5 қабат) тұрғын ғимараттар</b>			
<b>1-топ 3-5 қабатты кірпіш тұрғын ғимараттар</b>			
9101-0201-01	Керамикалық кірпіштен салынған 3 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	304,679
9101-0201-02	Керамикалық кірпіштен салынған 5 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	291,614
9101-0201-03	Силикат кірпіштен салынған 5 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	275,949
<b>2-топ Салмақ түсетін монолитті темірбетон қаңқасы бар 3-5 қабатты тұрғын ғимараттар</b>			
9101-0202-01	Монолитті темірбетон қаңқасы бар, қабырғалары газбетон блоктардан қаланған 5 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	342,382
<b>3-топ 3-5 қабатты ірі панельді тұрғын ғимараттар</b>			
9101-0203-01	Ірі панельді 5 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	272,222
<b>3-кіші бөлім Көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар</b>			
<b>1-топ Кірпіш көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын үйлер</b>			
9101-0301-01	Силикат кірпіштен салынған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	316,069
9101-0301-02	Керамикалық кірпіштен салынған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	320,910
<b>2-топ Монолитті көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын үйлер</b>			
9101-0302-01	Монолитті темірбетоннан салынған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	370,854
<b>3-топ Салмақ түсетін монолитті темірбетон қаңқасы бар көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар</b>			
9101-0303-01	Монолитті темірбетон қаңқасы бар 9 қабатты тұрғын үй, сыртқы қабырғалары газбетон блоктардан қаланған	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	372,665
<b>4-топ Салмақ түсетін құрама-монолитті темірбетон қаңқасы бар көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар</b>			

## 1- кестенің жалғасы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9101-0304-01	Құрама-монолитті темірбетон қаңқасы бар, қабырғалары жеңіл бетон блоктарынан қаланған, 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	328,683
5-топ Ірі панельді көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар			
9101-0305-01	Ірі панелді 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	272,039
6-топ Қаңқалы-панельді көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар			
9101-0306-01	Құрама-монолитті темірбетон қаңқасы бар және сыртқы қабырғалары үш қабатты құрама темірбетон панельдерден құрылған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	299,094
9101-0306-02	Монолитті темірбетон қаңқасы бар (айқасқан қабырға жүйесі) және сыртқы қабырғалары үш қабатты құрама темірбетон панельдерден құрылған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	302,354
4-кіші бөлім Жоғары қабатты (11-16 қабат) тұрғын ғимараттар			
2-топ Салмақ түсетін құрама темірбетон қаңқасы бар жоғары қабатты тұрғын үйлер (11-16 қабат)			
9101-0402-01	Құрама темірбетон қаңқасы бар 12 қабатты тұрғын үй, қабырғалары керамикалық кірпіштен қаланған	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	352,480
5-кіші бөлім Биік (16 қабаттан жоғары) тұрғын ғимараттар			
1-топ Салмақ түсетін монолитті темірбетон қаңқасы бар биік (16 қабаттан жоғары) тұрғын ғимараттар			
9101-0501-01	Монолитті темірбетон қаңқасы бар 18 қабатты тұрғын үй, сыртқы қабырғалары газ-бетон блоктарынан қаланған	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	374,045
6-кіші бөлім Жатақханалар			
1-топ Кірпіш жатақханалар			
9101-0601-01	100 орындық жатақхана	1 орын	6 764,330
		м2	250,367
9101-0601-02	500 орындық жатақхана	1 орын	3 892,840
		м2	197,026
2-топ Монолитті темірбетоннан жасалған тірек қаңқасы бар жатақханалар			
9101-0602-01	184 орындық жатақхана	1 орын	6 968,260
		м2	299,417
9101-0602-02	244 орындық жатақхана	1 орын	6 043,483
		м2	276,448
7-кіші бөлім Тұрғын ғимараттың жапсарлас үй-жайлары			
1-топ Монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас үй-жайлары			
9101-0701-01	Биіктігі 6-10 қабатты монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас (сауда және кеңсе) үй-жайлары, үй-жайлардың аражабынға дейінгі биіктігі 4 м-ге дейін	жапсарлас үй-жайлардың 1 м2	311,913
9101-0701-02	Биіктігі 6-10 қабатты монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас (сауда және кеңсе) үй-жайлары, үй-жайлардың аражабынға дейінгі биіктігі 4 м-ден жоғары	жапсарлас үй-жайлардың 1 м2	329,073
9101-0701-03	Биіктігі 10 қабаттан асатын монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас (сауда және кеңсе) үй-жайлары, үй-жайлардың аражабынға дейінгі биіктігі 4 м-ге дейін	жапсарлас үй-жайлардың 1 м2	331,816

## 1- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9101-0701-04	Биіктігі 10 қабаттан асатын монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас (сауда және кеңсе) үй-жайлары, үй-жайлардың аражабынға дейінгі биіктігі 4 м-ден жоғары	жапсарлас үй-жайлардың 1 м2	358,143

## 2-бөлім Әкімшілік ғимараттар

## 2 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
1-кіші бөлім Әкімшілік ғимараттар			
1-топ Ауданы 500 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар			
9102-0101-01	Әкімшілік ғимарат	ғимараттың м3	100,998
9102-0101-02	5 құтқарушыға арналған екі модульдік ғимараттан суда құтқару станциясы	ғимараттың м3	48,487
2-топ Ауданы 1000 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар			
9102-0102-02	Аудандық білім бөлімінің әкімшілік ғимараты	ғимараттың м3	73,172
3-топ Ауданы 3000 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар			
9102-0103-01	Полиция бөлімшесінің әкімшілік ғимараты	ғимараттың м3	63,286
9102-0103-02	40 орындық кедендік ресімдеу аймағының Әкімшілік ғимараты	ғимараттың м3	90,756
9102-0103-03	Аудан әкімдігінің әкімшілік ғимараты	ғимараттың м3	79,896
9102-0103-04	Жедел басқару орталығының ғимараты (ЖБО)	ғимараттың м3	58,519
4-топ Ауданы 5000 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар			
9102-0104-01	60 орындық кедендік ресімдеу аймағының Әкімшілік ғимараты	ғимараттың м3	81,247
5-топ Ауданы 10000 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар			
9102-0105-01	120 орындық кедендік ресімдеу аймағының Әкімшілік ғимараты	ғимараттың м3	80,215
9102-0105-02	Спорт кешені және 25 адамға арналған уақытша ұстау изоляторы бар 75 жұмыскерге арналған АІБ ғимаратының қызметтік корпусы	ғимараттың м3	96,738
9102-0105-03	Спорт кешені және 35 адамға арналған уақытша ұстау изоляторы бар 140 жұмыскерге арналған АІБ ғимаратының қызметтік корпусы	ғимараттың м3	77,844
9102-0105-04	Спорт кешені және 35 адамға арналған уақытша ұстау изоляторы бар 150 жұмыскерге арналған АІБ ғимаратының қызметтік корпусы	ғимараттың м3	76,109
6-топ Тұтқындалған адамдарға арналған қабылдағыштар			
9102-0106-01	50 орындық толтыру лимиті бар қамауға алынған адамдарға арналған арнайы қабылдау орны	1 орын	41 275,317
		м2	342,324
9102-0106-02	100 орындық толтыру лимиті бар қамауға алынған адамдарға арналған арнайы қабылдау орны	1 орын	23 958,333
		м2	291,323
3-кіші бөлім Қоғамдық мақсаттағы ғимараттар			
2-топ Жалпы ауданы 3000 шаршы метрге дейінгі қоғамдық мақсаттағы ғимараттар			
9102-0302-01	Қызметкерлер саны 45 адам "Азаматтарға арналған үкімет" ғимараты	ғимараттың м3	64,890
3-топ Жалпы ауданы 5000 шаршы метрге дейінгі қоғамдық мақсаттағы ғимараттар			
9102-0303-01	Жастарға қызмет көрсету орталығы	ғимараттың м3	122,070
4-топ Жалпы ауданы 10000 шаршы метрге дейінгі қоғамдық мақсаттағы ғимараттар			

## 2- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9102-0304-01	Көші-қон полициясы үшін 200 орындық арнайы қабылдау ғимараты	1 орын	9 841,219
		м2	327,380
4-кіші бөлім Өрт сөндіру депосы			
1-топ 2 машина-орынға арналған өрт сөндіру депосы			
9102-0401-01	Тез тұрғызылатын конструкциялардан жасалған 2 автомобильге арналған модульдік өрт сөндіру депосының ғимараты	1 машина-орын	276 504,490
		м2	578,401
2-топ 4 машина-орынға арналған өрт сөндіру депосы			
9102-0402-01	4 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының ғимараты	1 машина-орын	299 567,808
		м2	528,105
3-топ 6 машина-орынға арналған өрт сөндіру депосы			
9102-0403-01	II үлгідегі 6 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының ғимараты	1 машина-орын	269 823,597
		м2	354,445

## 3-бөлім Білім беру объектілері

## 3 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
1-кіші бөлім Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары			
1-топ Ауданы 5 000 м2 дейінгі мектепке дейінгі білім беру ұйымдары			
9103-0101-02	90 орындық балабақша	1 орын	4 450,295
		м2	221,440
9103-0101-05	140 орындық балабақша	1 орын	3 963,263
		м2	228,346
9103-0101-07	280 орындық балабақша	1 орын	3 436,781
		м2	228,993
2-топ Ауданы 5 000 м2 астам мектепке дейінгі білім беру ұйымдары			
9103-0102-03	320 орындық балабақша	1 орын	3 987,259
		м2	216,525
3-топ Мектепке дейінгі жалпы білім беру ұйымдары үшін абаттандыру және алаңшiлiк желiлер			
9103-0103-01	Ауданы 1 га-ға дейінгі учаскесі	1 га	229 514,419
9103-0103-02	Ауданы 1 га дан астам 1,5 га ға дейінгі учаскесі	1 га	223 214,414
9103-0103-03	Ауданы 1,5 га дан астам учаскесі	1 га	194 016,775
2-кіші бөлім Жалпы білім беру ұйымдары: мектептер			
1-топ Жалпы білім беру ұйымдары: ауданы 5 000 м2 дейінгі мектептер			
9103-0201-05	300 орындық мектеп	1 орын	4 827,071
		м2	317,545
2-топ Жалпы білім беру ұйымдары: ауданы 5 000 м2-ден 10 000 м2-ге дейінгі мектептер			
9103-0202-04	600 орындық мектеп	1 орын	3 901,918
		м2	299,862
4-топ Жалпы білім беру ұйымдары: ауданы 10 000 м2-ден 20 000 м2-ге дейінгі мектептер			
9103-0204-02	1500 орындық мектеп	1 орын	3 727,973
		м2	297,629
5-топ Жалпы білім беру ұйымдары: ауданы 20 000 м2 астам мектептер			
9103-0205-02	2000 орындық мектеп	1 орын	3 052,060
		м2	272,344
6-топ Жалпы білім беретін ұйымдарға: мектептерге арналған абаттандыру және алаңшiлiк желiлер			
9103-0206-01	Ауданы 1,5 га-ға дейінгі учаскесі	1 га	214 793,023
9103-0206-02	Ауданы 1,5 га дан астам 3 га ға дейінгі учаскесі	1 га	206 743,312

## 3- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9103-0206-03	Ауданы 3,0 га дан астам учаскесі	1 га	194 646,469
4-кіші бөлім Жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары			
4-топ Ауданы 15 000 м2-ден 20 000 м2-ге дейінгі оқу, оқу-зертханалық корпустар			
9103-0404-01	1112 орындық оқу-зертханалық корпус	1 орын	4 465,598
		м2	271,570
5-кіші бөлім Балалар шығармашылығы мен дамуын ұйымдастыру			
1-топ Ауданы 5 000 м2 дейінгі балалар шығармашылығын ұйымдастыру және дамыту			
9103-0501-02	100 орындық балалар лагері	1 орын	9 738,194
		м2	364,426
3-топ Ауданы 10 000 м2-ден 15 000 м2-ге дейін балалар шығармашылығын дамыту және ұйымдастыру			
9103-0503-02	600 адамға арналған оқушылар сарайы	1 орын	9 294,129
		м2	374,776
6-кіші бөлім Білім беру-әлеуметтік ұйымдар			
2-топ Ауданы 5 000 м2-ден 10 000 м2-ге дейінгі білім беру-әлеуметтік ұйымдары			
9103-0602-01	166 орындық тұрғындардың қозғалысы шектеулі топтарына арналған балабақша	1 орын	8 285,272
		м2	214,991
7-кіші бөлім Интернаттық ұйымдар			
3-топ Интернат ұйымдары: ауданы 10 000 м2-ден 15 000 м2-ге дейінгі мектеп-интернаттар			
9103-0703-01	200 орындық мектеп-интернат	1 орын	13 685,274
		м2	270,342
6-топ Интернат ұйымдары: жалпы білім беретін мектеп жанындағы алаңы 5 000 м2 дейінгі интернат			
9103-0706-01	100 орындық интернат (жатын корпусы)	1 орын	9 892,533
		м2	240,338

## 4-бөлім Денсаулық сақтау объектілері

## 4 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
1-кіші бөлім Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар			
1-топ Ауданы 500 м2 дейінгі амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар			
9104-0101-01	Ауысымына 30 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	ауысымына 1 келуші	6 180,747
		м2	501,956
9104-0101-02	Бір ауысымда 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	ауысымына 1 келуші	3 277,042
		м2	480,223
2-топ Ауданы 500 м2-ден 1 000 м2-ге дейін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар			
9104-0102-01	Ауысымына 100 келушіге арналған емхана	ауысымына 1 келуші	4 322,656
		м2	495,036
9104-0102-02	Бір ауысымда 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	ауысымына 1 келуші	8 850,790
		м2	570,680
9104-0102-03	Ауысымына 75 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	ауысымына 1 келуші	5 958,232
		м2	473,166
9104-0102-04	Ауысымына 100 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	ауысымына 1 келуші	6 265,605
		м2	738,781
3-топ Ауданы 1 000 м2-ден 3 000 м2-ге дейін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар			

## 4- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9104-0103-01	Ауысымда 120 адам қабылдайтын емхана	ауысымына 1 келуші	5 916,083
		м2	463,597
9104-0103-02	Ауысымына 200 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	ауысымына 1 келуші	3 989,529
		м2	664,031
4-топ Ауданы 3 000 м2-ден 5 000 м2-ге дейін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар			
9104-0104-01	Ауысымына 250 келушіге арналған емхана	ауысымына 1 келуші	7 921,363
		м2	364,515
9104-0104-02	Ауысымда 500 адам қабылдайтын емхана	ауысымына 1 келуші	7 921,737
		м2	650,002
2-кіші бөлім Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар			
1-топ Ауданы 10 000 м2 дейінгі стационарлық көмек көрсететін ұйымдар			
9104-0201-02	100 төсек-орындық туберкулез ауруханасы	1 төсек-орын	50 442,514
		м2	556,337
9104-0201-03	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған 143 төсек-орын жедел медициналық-әлеуметтік көмек пункті	1 төсек-орын	11 311,957
		м2	319,812
9104-0201-04	30 төсек-орынға арналған мүгедектер үйі	1 төсек-орын	32 787,084
		м2	315,282
2-топ Ауданы 10 000 м2-ден 20 000 м2-ге дейін стационарлық көмек көрсететін ұйымдар			
9104-0202-01	60 төсек-орындық перзентхана	1 төсек орын	112 821,042
		м2	461,395
3-топ Ауданы 20 000 м2-ден 30 000 м2-ге дейін стационарлық көмек көрсететін ұйымдар			
9104-0203-01	200 төсек-орындық онкология диспансері	1 төсек-орын	105 274,795
		м2	865,373
5-топ Ауданы 40 000 м2-ден 50 000 м2-ге дейін стационарлық көмек көрсететін ұйымдар			
9104-0205-01	300 төсектік көпбейінді аурухана	1 төсек-орын	133 179,521
		м2	924,135
3-кіші бөлім Жедел медициналық көмек және медициналық авиация ұйымдары			
2-топ Ауданы 1 000 м2-ден 3 000 м2-ге дейін жедел медициналық көмек және медициналық авиация ұйымдары			
9104-0302-01	Жылына 20 000 шақыртуға арналған жедел медициналық жәрдем станциясы	1 шақыру	44,876
		м2	355,806
9104-0302-02	Жылына 40 000 шақыртуға арналған жедел медициналық жәрдем станциясы	1 шақыру	16,372
		м2	295,433
3-топ Ауданы 3 000 м2-ден 5 000 м2-ге дейін жедел медициналық көмек және медициналық авиация ұйымдары			
9104-0303-01	Жылына 80 000 шақыртуға арналған жедел медициналық жәрдем станциясы	1 шақыру	23,928
		м2	425,864

## 5-бөлім Жабық спорт залдары

## 5 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
<b>1-кіші бөлім Оқу-жаттығу (коммерциялық көрермен үшін орын жоқ)</b>			
<b>1-топ Оқу-жаттығу ауданы 2 000 м2 дейінгі (коммерциялық көрерменге арналған орындарсыз)</b>			

## 5- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9105-0101-01	Бір ауысымда 32 келушіге арналған жүзу бассейні	ауысымына 1 келуші	17 043,304
		м2	309,193
2-топ Оқу-жаттығу ауданы 2 000 м2-ден 5 000 м2-ге дейінгі (коммерциялық көрерменге арналған орындарсыз)			
9105-0102-01	Ауысымда 25 адам қабылдайтын дене шынықтыру-сауықтыру кешені	ауысымына 1 келуші	21 552,397
		м2	362,574
9105-0102-02	Бір ауысымда 96 адам қабылдайтын жүзу бассейні бар спорт кешені	ауысымына 1 келуші	10 747,428
		м2	432,982
2-кіші бөлім Демонстрациялық (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)			
1-топ Демонстрациялық ауданы 2 000 м2 дейінгі (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)			
9105-0201-01	100 көрерменге арналған жүзу бассейні бар спорт кешені	1 орын	3 820,733
		м2	211,335
9105-0201-02	160 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені	1 орын	3 523,531
		м2	431,211
2-топ Демонстрациялық ауданы 2 000 м2-ден 5 000 м2-ге дейінгі (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)			
9105-0202-01	200 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені	1 орын	4 969,278
		м2	356,361
9105-0202-02	300 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені	1 орын	4 995,517
		м2	356,663
9105-0202-03	420 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені	1 орын	4 323,910
		м2	415,690
9105-0202-04	433 орындық хоккей аренасы	1 орын	5 062,106
		м2	670,303
3-топ Демонстрациялық ауданы 5 000 м2-ден 10 000 м2-ге дейінгі (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)			
9105-0203-02	307 орындық жүзу бассейні	1 орын	9 270,924
		м2	351,478
4-топ Демонстрациялық ауданы 10 000 м2-ден 15 000 м2-ге дейінгі (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)			
9105-0204-01	332 көрерменге арналған спорт сарайы	1 орын	9 716,364
		м2	246,840

## 6-бөлім Ашық спорт ғимараттары

## 6 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
1-кіші бөлім Дене шынықтыру-сауықтыру			
1-топ 5 000 м2 дейінгі дене шынықтыру-сауықтыру			
9106-0101-01	Стадион	1 м2	29,399
2-кіші бөлім Спорттық-демонстрациялық			
1-топ Ауданы 10 000 м2 дейінгі спорттық-көрсету алаңдары			
9106-0201-02	425 орындық стадион	1 орын	224,951
		м2	15,768
2-топ Спорттық-көрсету алаңы 10 000 м2-ден 15 000 м2-ге дейін			
9106-0202-01	400 орындық стадион	1 орын	683,774
		м2	22,797

## 6- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9106-0202-02	500 орындық стадион	1 орын	510,257
		м2	19,534

## 7-бөлім Автокөлік тұрақтары

## 7 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
1-кіші бөлім Пайдаланылатын жаппасы бар жерасты автотұрақтары			
1-топ Ауданы 2500 м2 дейін пайдаланылатын жаппасы бар жерасты автотұрақтары			
9107-0101-01	Сыйымдылығы 59 машина-орын пайдаланылатын жаппасы бар жерасты автотұрақтары	1 машина-орын	10 870,469
		м2	301,291
2-топ Ауданы 2500 м2 астам пайдаланылатын жаппасы бар жерасты автотұрақтары			
9107-0102-01	Сыйымдылығы 87 машина-орын пайдаланылатын жаппасы бар жерасты автотұрақтары	1 машина-орын	8 596,159
		м2	262,595
2-кіші бөлім Ашық түрдегі жерүсті автотұрақтары			
2-топ Ауданы 10 000 м2-ден 20 000 м2-ге дейін ашық түрдегі жерүсті автотұрақтары			
9107-0202-01	Сыйымдылығы 500 машина орны бар ашық типтегі жерүсті автотұрағы	1 машина-орын	3 738,697
		м2	97,856
3-кіші бөлім Гараждар-тұрақтар			
1-топ Ауданы 100 м2 дейінгі гараж-тұрақтар			
9107-0301-01	1 көлікке арналған гараж боксы (жылытылмайтын)	м2	207,327
9107-0301-02	1 автокөлікке арналған гараж боксы (жылытылатын)	м2	280,875
9107-0301-03	2 көлікке арналған гараж боксы (жылытылмайтын)	м2	267,983
9107-0301-04	Көру шұңқыры жоқ 1 көлікке арналған гараж боксы	м2	228,851
9107-0301-05	Қарау шұңқырынан 1 автокөлікке жапсарлас гараж боксы	м2	245,997
2-топ Ауданы 100 м2 астам гараж-тұрақтар			
9107-0302-01	12 көлікке арналған гараж боксы (жылытылатын)	м2	222,639
4-кіші бөлім Ірі габаритті техникаға арналған жылы тұрақтар			
1-топ Ауданы 300 м2 дейінгі ірі габаритті техникаға арналған жылы тұрақтар			
9107-0401-01	4 бірлікке арналған ірі габаритті жол техникасына арналған жылы тұрақ (кірпішпен толтырылған)	м2	224,789
2-топ Ауданы 300 м2-ден 1 000 м2-ге дейінгі ірі габаритті техникаға арналған жылы тұрақтар			
9107-0402-01	6 бірлікке арналған ірі габаритті жол техникасына арналған жылы тұрақ	м2	259,670
9107-0402-02	10 бірлікке арналған ірі габаритті жол техникасына арналған жылы тұрақ	м2	263,877
5-кіші бөлім Автомобильдерге арналған қалқалар (биіктігі 4 м дейін)			
1-топ Көлемі 100 м2 дейінгі автомобильдерге арналған қалқалар (биіктігі 4 м дейін)			
9107-0501-01	3 көлікке арналған шатыр	м2	103,708
2-топ Көлемі 100 м2 астам автомобильдерге арналған бастырмалар (биіктігі 4 м дейін)			
9107-0502-01	6 көлікке арналған шатыр	м2	88,522
6-кіші бөлім Ірі габаритті техникаға арналған бастырмалар (биіктігі 4 м-ден жоғары)			
1-топ Көлемі 100 м2 дейінгі ірі габаритті техникаға арналған бастырмалар (биіктігі 4 м жоғары)			
9107-0601-01	Ірі габаритті аспалы жабдыққа арналған 8 бірлік шатыр	м2	124,546
2-топ Көлемі 100 м2 астам ірі габаритті техникаға арналған бастырмалар (биіктігі 4 м жоғары)			
9107-0602-01	8 бірлікке арналған жол техникасына арналған шатыр	м2	105,050

## 7- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
<b>7-кіші бөлім Эстакадалар</b>			
<b>1-топ Ауданы 100 м2 дейінгі эстакадалар</b>			
9107-0701-01	Тиеу эстакадасы	м2	41,686
<b>2-топ Ауданы 100 м2 асатын эстакадалар</b>			
9107-0702-01	Бақылау эстакадасы	м2	92,483

## 8-бөлім Мәдениет объектілері

## 8 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
1-кіші бөлім Театр-ойын-сауық ғимараттары мен құрылыстары			
1-топ Ашық амфитеатрлар			
9108-0101-01	Бассейні бар жағалау жиегінде 1500 орындық Амфитеатр	1 орын	4 008,991
		м2	919,775
9108-0101-02	400 орындық ашық үлгідегі Амфитеатр	1 орын	485,862
		м2	116,444
2-топ Театр ғимараттары			
9108-0102-01	510 орындық драма театры	1 орын	12 625,092
		м2	611,002
3-топ Көрермендер залы			
9108-0103-01	500 орындық көрермен залы	1 орын	11 923,433
		м2	519,766
4-топ Клубтар			
9108-0104-01	150 орындық ауылдық клуб	1 орын	2 066,312
		м2	364,815
2-кіші бөлім Кітапханалар, мұрағаттар			
1-топ Кітапханалар			
9108-0201-01	Қор көлемі 40 мың бірлік сақтауға дейінгі кітапхана	1000 сақтау бірлігі	9 504,351
		м2	441,232
9108-0201-02	100 мың сақтау бірлігіне арналған қор көлемі бар кітапхана	1000 сақтау бірлігі	7 327,621
		м2	336,639
9108-0201-04	500 мың сақтау бірлігіне арналған қор көлемі бар кітапхана	1000 сақтау бірлігі	4 351,637
		м2	412,574
3-кіші бөлім Мәдениет үйлері			
1-топ Мәдениет үйлері			
9108-0301-01	100 орындық мәдениет үйі	ғимараттың жалпы ауданының м2	357,224
9108-0301-02	150 орындық мәдениет үйі	ғимараттың жалпы ауданының м2	460,748
9108-0301-03	200 орындық мәдениет үйі	ғимараттың жалпы ауданының м2	379,964
9108-0301-04	250 орындық мәдениет үйі	ғимараттың жалпы ауданының м2	426,027

**2 бөлік Инфрақұрылым объектілері****1-бөлім Энергетикалық инфрақұрылым объектілері***1 - кесте Құндық көрсеткіштер*

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
<b>1-кіші бөлім Трансформаторлық қосалқы станциялар</b>			
<b>1-топ Жеке салынатын ғимараттағы трансформаторлық қосалқы станциялар</b>			
9201-0101-01	2 ТП - 400	объект	47 209,313
9201-0101-02	2 ТП - 630	объект	89 747,098
9201-0101-03	2 ТП - 1000	объект	115 822,754
9201-0101-04	2 ТП - 4000	объект	833 201,407
<b>2-топ Сырттан орнатылатын жиынтықты трансформаторлық қосалқы станциялар</b>			
9201-0102-01	ТП - 100	объект	8 551,487
9201-0102-02	ТП - 160	объект	9 270,570
9201-0102-03	ТП - 250	объект	10 092,657
9201-0102-04	ТП - 400	объект	14 203,071
9201-0102-05	ТП - 630	объект	17 423,828
9201-0102-06	ТП - 1000	объект	8 475 188,932
<b>3-топ Қалалық орындаудағы жиынтықты трансформаторлық қосалқы станциялар</b>			
9201-0103-01	2 ТП - 250	объект	24 078,089
9201-0103-02	2 ТП - 630	объект	26 758,360
9201-0103-03	2 ТП - 1000	объект	36 839,158
<b>4-топ Блоктық жиынтықты трансформаторлық қосалқы станциялар</b>			
9201-0104-01	2 ТП - 630	объект	161 403,141
9201-0104-02	2 ТП - 1000	объект	180 986,001
9201-0104-03	2 ТП - 1600	объект	212 100,520
<b>2-кіші бөлім Стационарлық қазандықтар</b>			
<b>1-топ Стационарлық қатты отынды қазандықтар</b>			
9201-0201-01	Стационарлық қатты отынды қазандық. Жылу қуаты 0,12 МВт	объект	37 695,708
9201-0201-03	Стационарлық қатты отынды қазандық. Жылу қуаты 1,1 МВт	объект	41 433,500
9201-0201-04	Стационарлық қатты отынды қазандық. Жылу қуаты 1,2 МВт	объект	61 531,400
<b>2-топ Стационарлық сұйық отынды қазандықтар</b>			
9201-0202-02	Стационарлық сұйық отынды қазандық. Жылу қуаты 0,348 МВт	объект	38 429,578
<b>3-топ Стационарлық табиғи газ отынды қазандықтар</b>			
9201-0203-02	Стационарлық табиғи газ отынды қазандық. Жылу қуаты 0,24 МВт	объект	60 557,487
9201-0203-06	Стационарлық табиғи газ отынды қазандық. Жылу қуаты 2,0 МВт	объект	93 312,599
<b>3-кіші бөлім Блокты-модульді қазандықтар (БМҚ)</b>			
<b>1-топ Қатты отынмен жұмыс істейтін Блокты-модульді (БМҚ) қазандықтар</b>			
9201-0301-01	БМҚ, қатты отынды. Жылу қуаты 0,2 МВт	объект	58 890,894
9201-0301-04	БМҚ, қатты отынды. Жылу қуаты 1,27 МВт	объект	96 142,550
9201-0301-08	БМҚ, қатты отынды. Жылу қуаты 3,0 МВт	объект	86 692,137
<b>3-топ Табиғи газ отынындағы Блокты-модульді (БМҚ) қазандықтар</b>			
9201-0303-01	БМҚ, табиғи газ отынды. Жылу қуаты 0,3 МВт	объект	39 334,118
9201-0303-02	БМҚ, табиғи газ отынды. Жылу қуаты 0,38 МВт	объект	43 081,598
9201-0303-03	БМҚ, табиғи газ отынды. Жылу қуаты 0,5 МВт	объект	44 326,786
9201-0303-04	БМҚ, табиғи газ отынды. Жылу қуаты 0,6 МВт	объект	44 798,786
9201-0303-05	БМҚ, табиғи газ отынды. Жылу қуаты 0,72 МВт	объект	51 604,440

## 1- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9201-0303-09	БМҚ, табиғи газ отынды. Жылу қуаты 2,7 МВт	объект	52 552,436

## 2-бөлім Су инфрақұрылымының объектілері

## 2 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
<b>1-кіші бөлім Жер асты көздерінен (ұңғымалардан) су тарту құрылыстары</b>			
<b>1-топ Су ұңғымалары</b>			
9202-0101-01	Тереңдігі 30 м ұңғыма	объект	37 254,789
9202-0101-02	Тереңдігі 45 м ұңғыма	объект	38 858,371
9202-0101-05	Тереңдігі 180 м ұңғыма	объект	44 708,640
9202-0101-07	Тереңдігі 180 м ұңғыма	объект	46 475,653
<b>2-топ Жерасты сорғы станциялары</b>			
9202-0102-02	Өнімділігі 6,5 м³/сағ жерасты сорғы станциясы	объект	9 063,709
9202-0102-05	Өнімділігі 46 м³/сағ жерасты сорғы станциясы	объект	17 185,178
<b>3-топ Жер үсті сорғы станциялары</b>			
9202-0103-01	Өнімділігі 4 м³/сағ ұңғымадағы жерүсті сорғы станциясы	объект	6 267,213
9202-0103-02	Өнімділігі 10 м³/сағ ұңғымадағы жерүсті сорғы станциясы	объект	15 036,679
<b>2-кіші бөлім Станциялар</b>			
<b>1-топ 2-ші көтергіш сорғы станциялары</b>			
9202-0201-03	II көтеру сорғы станциясы өнімділігі 150 м³/сағ	объект	79 863,707
9202-0201-07	II көтеру сорғы станциясы өнімділігі 380 м³/сағ	объект	79 676,192
9202-0201-09	II көтеру сорғы станциясы өнімділігі 1055 м³/сағ	объект	243 780,854
<b>3-кіші бөлім Су кернеуіш мұнаралар</b>			
<b>1-топ Тірек диаметрі 1,22 м су тегеурінді мұнаралар</b>			
9202-0301-03	Сыйымдылығы 25 м³ Н=15,0 М зауытта дайындалған (Рожновский жүйесі) су қысымды болат мұнарасы	объект	13 059,316
9202-0301-04	Сыйымдылығы 50 м³ Н=15,0 М зауытта дайындалған (Рожновский жүйесі) су қысымды болат мұнарасы	объект	17 643,471
<b>3-топ Тірек диаметрі 3,02 м су тегеурінді мұнаралар</b>			
9202-0303-01	Зауыттық дайындаудағы (Рожновский жүйесі) су кернеуіш болат мұнара, сыйымдылығы 100 м³ Н=24,0 м	объект	24 947,847
<b>4-кіші бөлім Таза су резервуарлары</b>			
<b>1-топ ҚР ТП РВ-2.3 - 2013 монолитті темірбетон таза су резервуарлары</b>			
9202-0401-02	Сыйымдылығы 150 м³ монолитті темірбетонды таза су резервуарлары	объект	14 818,692
9202-0401-03	Сыйымдылығы 200 м³ монолитті темірбетонды таза су резервуарлары	объект	25 242,613
9202-0401-05	Сыйымдылығы 500 м³ монолитті темірбетонды таза су резервуарлары	объект	38 152,500
9202-0401-06	Сыйымдылығы 1000 м³ монолитті темірбетонды таза су резервуарлары	объект	51 827,851
<b>2-топ Сүзгілер таза су ыдыстарына арналған сіңіргіштер</b>			
9202-0402-01	Таза су резервуарларына арналған сіңіргіш сүзгілер, сыйымдылығы 500 м³	объект	10 583,022

## 2- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9202-0402-02	Таза су резервуарларына арналған сіңіргіш сүзгілер, сыйымдылығы 900 м3	объект	14 642,373
9202-0402-03	Таза су резервуарларына арналған сіңіргіш сүзгілер, сыйымдылығы 1000 м3	объект	14 856,136

## 3-бөлім Тазарту инфрақұрылымының объектілері

## 3 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
<b>1-кіші бөлім Станциялар</b>			
<b>1-топ Кәріздік сорғы станциялары</b>			
9203-0101-01	Өнімділігі 1 м3/сағ. кәріздік сорғы станциясы	объект	6 920,482
9203-0101-02	Өнімділігі 4 м3/сағ. кәріздік сорғы станциясы	объект	7 428,197
9203-0101-05	Өнімділігі 30 м3/сағ кәріздік сорғы станциясы	объект	24 584,733
9203-0101-08	Өнімділігі 160 м3/сағ. кәріздік сорғы станциясы	объект	68 427,717
9203-0101-10	Өнімділігі 450 м3/сағ. кәріздік сорғы станциясы	объект	127 394,481
<b>2-топ Жаңбыр және тасқын суларға арналған сорғы станциялары</b>			
9203-0102-02	Өнімділігі 1100 м3/сағ. жаңбыр және тасқын суларға арналған сорғы станциясы	объект	78 660,804
9203-0102-03	Өнімділігі 1700 м3/сағ. жаңбыр және тасқын суларға арналған сорғы станциясы	объект	168 841,244
9203-0102-06	Өнімділігі 4350 м3/сағ. жаңбыр және тасқын суларға арналған сорғы станциясы	объект	371 086,496
<b>3-кіші бөлім Шұңқырлар. Дәретханалар</b>			
<b>1-топ Шұңқырлар</b>			
9203-0301-03	Шұңқыр, көлемі 20 м3	объект	4 614,196
9203-0301-04	Шұңқыр, көлемі 30 м3	объект	4 962,954
9203-0301-05	Шұңқыр, көлемі 40 м3	объект	6 155,969
<b>2-топ Дәретханалар</b>			
9203-0302-01	Су өткізбейтін шұңқыры бар 1 саңылаулы ағаш дәретханасы	объект	414,010
9203-0302-02	Су өткізбейтін шұңқыры бар 2 саңылаулы панельді дәретханасы	объект	2 799,400
9203-0302-03	Су өткізбейтін шұңқыры бар 10 саңылаулы кірпіш дәретханасы	объект	11 241,903

## 4-бөлім Инфрақұрылымның әкімшілік-тұрмыстық объектілері

## 4 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
<b>1-кіші бөлім Әкімшілік-тұрмыстық корпустар</b>			
<b>1-топ Ауданы 200 м2 дейінгі әкімшілік-тұрмыстық корпустар</b>			
9204-0101-01	Кірпіштен жасалған әкімшілік тұрмыстық корпус	м2	345,460
<b>2-топ Ауданы 200 м2 астам әкімшілік-тұрмыстық корпустар</b>			
9204-0102-01	Әкімшілік-тұрмыстық корпус	м2	408,835
<b>2-кіші бөлім Жөндеу-механикалық шеберханалар</b>			

## 4- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
1-топ Ауданы 300 м2 дейінгі жөндеу-механикалық шеберханалар			
9204-0201-01	Жөндеу-механикалық шеберханасы	м2	447,562
2-топ Ауданы 300 м2 астам жөндеу-механикалық шеберханалар			
9204-0202-01	Жөндеу-механикалық шеберханасы	м2	466,891
3-кіші бөлім Бақылау-өткізу пункттері			
1-топ Кіруді бақылау жүйесі жоқ бақылау-өткізу пункті			
9204-0301-01	Ауданы 50 м2 дейін кіруді бақылау жүйесі жоқ бақылау-өткізу пункті	м2	1 416,201
2-топ Кіруді бақылау жүйесі бар бақылау-өткізу пункті			
9204-0302-01	Ауданы 50 м2 дейін кіруді бақылау жүйесі бар бақылау-өткізу пункті	м2	1 772,790
9204-0302-02	Ауданы 50 м2 астам 100 м2 дейін кіруді бақылау жүйесі бар бақылау-өткізу пункті	м2	1 168,801
4-кіші бөлім Кір жуу орындары			
3-топ Ауданы 500 м2 астам кір жуатын орындар			
9204-0403-01	Қуаттылығы аусымына 842,9 кг құрайтын кірпіштен салынған кір жуу орны	объект	539 590,002
		м2	657,043
5-кіші бөлім Оператор бөлмелері			
1-топ Ауданы 20 м2 дейін оператор бөлмелері			
9204-0501-01	Ауданы 16,8 м2 автожанармай құю станциясының оператор бөлмесі	объект	13 741,577
		м2	817,951

## 5-бөлім Сақтау объектілері

## 5 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
<b>1-кіші бөлім Сусымалы материалдарға арналған қоймалар</b>			
<b>1-топ Көлемі 200 м2 дейінгі сусымалы материалдарға арналған қоймалар</b>			
9205-0101-01	Металл қойма	м2	130,785
9205-0101-02	Кірпіш қоймасы	м2	185,104
<b>2-топ Көлемі 200 м2 астам сусымалы материалдарға арналған қоймалар</b>			
9205-0102-01	Кірпіш қоймасы	м2	268,292
<b>3-топ Көлемі 500 м2 астам сусымалы материалдарға арналған қоймалар</b>			
9205-0103-01	Металл қоймасы	м2	173,518
<b>2-кіші бөлім Материалдық-техникалық қоймалар</b>			
<b>1-топ Ауданы 100 м2 дейінгі материалдық-техникалық қоймалар</b>			
9205-0201-01	Материалдық-техникалық кірпіш қоймасы	м2	295,970
<b>2-топ Ауданы 100 м2 астам материалдық-техникалық қоймалар</b>			
9205-0202-01	Материалдық-техникалық кірпіш қоймасы	м2	233,933
9205-0202-02	Екі қабатты кірпіштен жасалған материалдық-техникалық қойма	м2	265,001
<b>3-кіші бөлім Отын қоймасы</b>			
<b>1-топ Көлемі 500 м3 дейінгі отын қоймасы</b>			
9205-0301-01	Отын қоймасы	объект	779 477,503
9205-0301-02	Отын құю пункті	объект	69 739,622

## 6-бөлім Көлік объектілері

## 6 - кесте Құндық көрсеткіштер

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
<b>1-кіші бөлім Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары</b>			
<b>2-топ I-б санаттағы автомобиль жолдары</b>			
9206-0102-01	I-б санаттағы автомобиль жолы, 4 жолақты, күрделі типтегі жол жамылғысымен, қиыршықтасты-мастикалық асфальтбетоннан жасалған жабынымен, цементпен өңделген қиыршықтасты-құмды қоспадан және С-4 қиыршықтасты-құмды қоспадан жасалған екі қабатты негізімен	1 км	866 348,830
<b>3-топ II санаттағы автомобиль жолдары</b>			
9206-0103-01	II санаттағы автомобиль жолы, күрделі типтегі жол жамылғысымен, қиыршықтасты-мастикалық асфальтбетоннан жасалған жабынымен, кеуекті ірітүйіршікті асфальтбетоннан және С-4 қиыршықтасты-құмды қоспадан жасалған екі қабатты негізімен	1 км	494 246,107
9206-0103-02	II санаттағы автомобиль жолы, күрделі типтегі жол жамылғысымен, қиыршықтасты-мастикалық асфальтбетоннан жасалған жабынымен, қара қиыршық тастан және қож қиыршықтасты-құмды қоспадан жасалған негізімен	1 км	518 823,572
<b>4-топ III санаттағы автомобиль жолдары</b>			
9206-0104-01	III санаттағы автомобиль жолы, күрделі типтегі жол жамылғысымен, асфальтбетоннан жасалған жабынымен және фракцияланған қиыршық тас пен қиыршық тас-құмды қоспадан жасалған негізімен	1 км	287 872,038
<b>5-топ IV санаттағы автомобиль жолдары</b>			
9206-0105-01	IV санаттағы автомобиль жолы, жеңілдетілген типтегі жол жамылғысымен, асфальтбетоннан жасалған жабынымен, қиыршық тас-шақпата және құм-қиыршық тас қоспаларынан жасалған негізімен	1 км	140 945,663
9206-0105-02	IV санаттағы автомобиль жолы, күрделі типтегі жол жамылғысымен, қиыршықтасты-мастикалық асфальтбетоннан жасалған жабынымен, қара қиыршық тастан және С-4 үздіксіз гранулометрияның қиыршық тасты оңтайлы қоспасынан жасалған негізімен	1 км	195 380,058
9206-0105-03	IV санаттағы автомобиль жолы, өтпелі типтегі жол жамылғысымен, қиыршықтас-құмды қоспасынан жасалған жабынымен және ірілігі орташа құмнан жасалған негізімен	1 км	58 658,372
<b>2-кіші бөлім Автомобиль жолдарының қиылысуы және жанасуы</b>			
<b>1-топ Автомобиль жолдарының бір деңгейде қиылысуы және жанасуы</b>			
9206-0201-01	I, II санаттағы автомобиль жолдарының күрделі типті жол жамылғысымен бір деңгейдегі қиылыстар мен жанасулар	жол жабынының 100 м <sup>2</sup>	2 900,755
9206-0201-02	III, IV санаттағы автомобиль жолдарының күрделі типті жол жамылғысымен бір деңгейдегі қиылыстар мен жанасулар	жол жабынының 100 м <sup>2</sup>	1 888,654
9206-0201-03	Күрделі (дөңгелектеу шегінде) және жеңілдетілген (дөңгелектеу шегінен тыс) типті жол жамылғысымен бір деңгейдегі қиылыстар мен жанасулар	жол жабынының 100 м <sup>2</sup>	2 377,873

## 6- кестенің соңы

Объектінің коды	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құрылыс объектінің құны (мың теңге)
9206-0201-04	I, II санаттағы автомобиль жолдарының күрделі (дөңгелектеу шегінде) және өтпелі (дөңгелектеу шегінен тыс) типті жол жамылғысымен бір деңгейдегі қиылыстар мен жанасулар	жол жабынының 100 м <sup>2</sup>	2 081,129
9206-0201-05	III, IV санаттағы автомобиль жолдарының күрделі (дөңгелектеу шегінде) және өтпелі (дөңгелектеу шегінен тыс) типті жол жамылғысымен бір деңгейдегі қиылыстар мен жанасулар	жол жабынының 100 м <sup>2</sup>	1 569,190
9206-0201-06	Жеңілдетілген типті жол жамылғысымен бір деңгейдегі қиылыстар мен жанасулар	жол жабынының 100 м <sup>2</sup>	1 937,143
9206-0201-07	Жеңілдетілген (дөңгелектеу шегінде) және өтпелі (дөңгелектеу шегінен тыс) типті жол жамылғысымен бір деңгейдегі қиылыстар мен жанасулар	жол жабынының 100 м <sup>2</sup>	1 521,167
<b>3-кіші бөлім Автомобиль жолдарының жасанды құрылыстары</b>			
<b>1-топ Су өткізу құбырлары</b>			
9206-0301-01	Диаметрі 0,5 м бір саңылаулы дөңгелек су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	11 094,682
9206-0301-02	Диаметрі 1,0 м бір саңылаулы дөңгелек су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	32 344,797
9206-0301-03	Диаметрі 1,5 м бір саңылаулы дөңгелек су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	41 320,474
9206-0301-04	Диаметрі 1,0 м екі саңылаулы дөңгелек су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	56 512,830
9206-0301-05	Диаметрі 1,5 м екі саңылаулы дөңгелек су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	76 778,640
9206-0301-06	Диаметрі 1,0 м үш саңылаулы дөңгелек су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	89 699,096
9206-0301-07	Диаметрі 1,5 м үш саңылаулы дөңгелек су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	127 828,741
9206-0301-08	Саңылауы 2,0x2,0 м бір саңылаулы тікбұрышты су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	67 637,322
9206-0301-09	Саңылауы 2,5x2,0 м бір саңылаулы тікбұрышты су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	87 964,597
9206-0301-10	Саңылауы 4,0x2,5 м бір саңылаулы тікбұрышты су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	134 589,551
9206-0301-11	Саңылауы 2,0x2,0 м екі саңылаулы тікбұрышты су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	114 963,071
9206-0301-12	Саңылауы 2,5x2,0 м екі саңылаулы тікбұрышты су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	158 167,639
9206-0301-13	Саңылауы 4,0x2,5 м екі саңылаулы тікбұрышты су өткізетін темірбетон құбырлар	100 м	242 466,272
<b>4-кіші бөлім Демалыс алаңдары және автобус аялдамалары</b>			
<b>1-топ Демалыс алаңдары</b>			
9206-0401-01	Ауданы 5 000 м <sup>2</sup> дейінгі демалыс алаңдары	100 м <sup>2</sup>	3 900,148
9206-0401-02	Ауданы 5 000 м <sup>2</sup> -ден 10 000 м <sup>2</sup> -ге дейінгі демалыс алаңдары	100 м <sup>2</sup>	3 538,713
9206-0401-03	Ауданы 10 000 м <sup>2</sup> астам демалыс алаңдары	100 м <sup>2</sup>	3 563,699
<b>5-кіші бөлім Сыртқы жарықтандыру</b>			
<b>1-топ Автомобиль жолдарының сыртқы жарықтандыруы</b>			
9206-0501-01	Тіректердің бір қатарлы орналасуы кезінде екі жолақты автомобиль жолдарын электрмен жарықтандыру	жарықтандырыл атын жол учаскесінің 1 км	40 292,501

## **1 бөлік. Өндірістік емес мақсаттағы объектілер**

### **1-бөлімге техникалық бөлім Тұрғын ғимараттар**

1. Бөлімде келесі номенклатура бойынша ҚҚІК келтірілген:

- 1-кіші бөлім Аз қабатты (1-2 қабат) тұрғын ғимараттар;
- 2-кіші бөлім Орташа қабатты (3-5 қабат) тұрғын ғимараттар;
- 3-кіші бөлім Көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар;
- 4-кіші бөлім Жоғары қабатты (11-16 қабат) тұрғын ғимараттар;
- 5-кіші бөлім Биік (16 қабаттан жоғары) тұрғын ғимараттар;
- 6 кіші бөлім Жатақханалар,
- 7 кіші бөлім Тұрғын ғимараттардың жапсарлас үй-жайлары.

2. Бөлімде III, IV сыныпты және шағын габаритті тұрғын үйлерді салу үшін ҚҚІК-тер қарастырылған.

3. Бір пәтерлі тұрғын үйлер, сондай-ақ тұрғын блоктары автономды болып табылатын блокталған тұрғын үйлер үшін ҚҚІК тұрғын үйдің жалпы ауданының 1 м<sup>2</sup> есептелді. Көп пәтерлі тұрғын үйлер үшін ҚҚІК пәтерлердің жалпы ауданының 1 м<sup>2</sup> есептелді.

4. Үйдің жалпы ауданы сыртқы қабырғалардың ішкі беткі қабаттары шегінде өлшенген үй қабаттары аудандарының, сондай-ақ балкондар, лоджиялар, дәліздер, террасалар аудандарының жиынтығы ретінде айқындалады. Қабаттың ауданына желдету шахталарына және түтін мұржасына арналған ойықтардың ауданы кірмейді. Үйдің жалпы ауданына желдетуге арналған жертөле, техникалық жертөле, пайдаланылмайтын шатыр, табалдырық, сыртқы ашық баспалдақтар кірмейді.

5. Пәтерлердің жалпы ауданы тұрғын, тұрғын емес үй-жайларды және келесі төмендету коэффициенттерін қолдана отырып есептелетін балкондардың (лоджиялардың, дәліздердің, террасалардың) аудандарын қамтитын, пәтерлердің пайдалы аудандарының жиынтығы ретінде айқындалады: балкондар мен террасалар үшін - 0,3, лоджиялар - 0,5, дәліздер - 0,8. Балкондардың біріктірілген лоджиялары үшін 0,4 төмендету коэффициенті қолданылады.

6. «Жатақханалар» 6 кіші бөлімнің ҚҚІК-тері 1 орынға және ғимараттың жалпы ауданының 1 м<sup>2</sup> есептелген.

7. «Тұрғын ғимараттардың жапсарлас үй-жайлары» 7 кіші бөлімнің ҚҚІК-тері жапсарлас үй-жайлардың 1 м<sup>2</sup> есептелген. Бұл кіші бөлімнің ҚҚІК-де қабырғалар мен төбелердің әрлеу жабынын, едендердің үстіңгі жабынын жасауға, ішкі есіктерді орнатуға, сантехникалық аспаптарды орнатуға арналған шығындар ескерілмеген (әлеуетті иеленушілердің немесе жалға алушылардың қаражаты есебінен көзделеді).

8. 6 кіші бөлімнің ҚҚІК-інен басқа, барлық ҚҚІК-інде тек ғимарат құрылысына ғана арналған шығындары ескерілді (алаң ішіндегі инфрақұрылым мен абаттандыру шығындары ескерілмеген).

9. Объектінің құрылысын қалалардың құрылыс салынған бөлігінде жүргізумен байланысты қиын жағдайларда жоспарлау кезінде ҚҚІК-ге жұмыстарды жүргізудің қиындатылған жағдайларына арналған 1,05 коэффициенті қолданылады.

**1-бөлім Тұрғын ғимараттар****1-кіші бөлім Аз қабатты (1-2 қабат) тұрғын ғимараттар****1-топ Бір пәтерлі және блокталған 1-2 қабатты тұрғын ғимараттар****9101-0101-01-объект - Керамикалық кірпіштен салынған 1 қабатты тұрғын үй***9101-0101-01.1 - кесте - Құндық көрсеткіштер***мың теңге**

Р/т №	Атауы	Өлшеуіш	
		үйдің жалпы ауданының 1 м2	м2
	Объектінің құндық көрсеткіші	253,853	-
1	Құрылыс-монтаждық жұмыстардың (ҚМЖ) құны	253,303	-
1.1	<i>с.і. материалдар</i>	<i>132,415</i>	-
1.2	<i>с.і. жұмысшылардың және машинистердің жалақысы</i>	<i>54,487</i>	-
2	Жабдық, жиһаз және құрал-сайман	0,550	-
2.1	<i>с.і. технологиялық жабдық, жиһаз және құрал-сайман</i>	<i>0,000</i>	-

*9101-0101-01.2 - кесте - Объект бойынша шығындарды құрылымдық-технологиялық топтастыру*

Шығындар тобының атауы	Көрсеткіш шығындарын ың құрылымы, %	Жабдық, жиһаз және құрал-сайман шығындарының құрылымы, %
<b>ЖЕР АСТЫ БӨЛІГІ</b>		
Қазаншұңқыр, ор	0,444	0,000
Іргетастар	8,651	0,000
<b>ЖЕР ҮСТІ БӨЛІГІ</b>		
Қабырғалар, арақабырғалар	12,700	0,000
Жабындар мен аражабындар	12,111	0,000
Төбелер, шатырлар	15,876	0,000
Кіреберіс топтары	0,318	0,000
Басқа құрылымдық элементтер	3,144	0,000
Қасбетті әрлеу	11,294	0,000
Ойықтар	4,198	0,000
